

Біржолғы есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 12 ақпан N 68

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамына мемлекеттік қолдау көрсету және оның қаржылық жағдайын жақсарту мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы мен мемлекеттік бюджет арасындағы қосымша құнға салынған салықтың орнын толтыру жөніндегі берешекке, жалпы сомасы 620 млн. (алты жүз жиырма миллион) теңгеге біржолғы есептеу жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті бұл соманы "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы төлеген экспорттық кеден бажының шотына есептесін.

3. Берешекті есептеу, 1996 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша, аталған соманы мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізіледі.

Премьер-Министр